

А.Е. САДЕНОВА

## КОММУНИКАТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕГІ – ДИАЛОГТЫҚ ДИСКУРС

Қазіргі таңдағы жан-жақты дамыған өркениетті елдердің бір-бірімен бейбіт өмір сүріп, берік қарым-қатынаста болуы үшін тіл білуіне байланысты екінші тіл – ана тілі (бірінші тіл) тәрізді болуы қажет. Ана тілінде қалай сөйлесе, екінші тілде де сол дәрежеде сөйлеуге жету керек. Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерудегі басты бағыт – коммуникативтік бағыт. Осы ғылыми бағыт тілдің коммуникативтік табиғатын және қатысым құралы ретіндегі тілді меңгерудің ерекшеліктерін қарастырады. Коммуникативтік қабілет мазмұны қатысым табиғатын білдіреді.

Екінші тілді меңгеру барысында тіл үйренушінің тілдік құзіреті кеңейеді. Тілді меңгеру ақпараттың тиісті деңгейін ғана меңгертіп қоймайды, өзіндік көзқарас, пікірін қалыптастырады.

Коммуникативтік лингвистика пәні ретінде қарастырылатын диалогтық дискурсты нақты бір тақырыптағы тілдік коммуникацияға қатынасушылардың дискурсивті тәжірибелерінің жиынтығы деп айтуға болады.

«Дискурс» терминінің қолданысы қазіргі таңдағы аталмыш терминнің әлі де нақты, ғылыми түрде толық анықтамасы айқындалмағандықтан, тілшілер арасында түрлі дау тудыруы мүмкін. Себебі, көпшілік ғалымдар дискурсты көбінде диалог түрінде, белгілі-бір жағдаят барысында дәл сол уақытта сөйленген сөз және коммуниканттардың көзбе-көз тілдесуі барысында құрылған акт деп түсінеді. Дискурс термині тіл білімінде әлі толық қалыптаса қойған жоқ, бұған сөздікте бірнеше түсінік беріледі.

Дискурс (discours) әуелде америка тіл білімінен алынған термин. Термин «сөз» (речь) деген мағынаны білдіреді. Соған байланысты шет ел тіл білімінде дискурс ұғымы ауызша сөз (речь) мағынасында қолданыла бастады.

Дискурс – мәтін ұғымымен барабар. Кеңестік тіл білімінде, әсіресе соңғы 80–90-жылдарғы зерттеулерде дискурс термині жиі қолданыла бастады. Кейбір зерттеулерде «мәтін» мен «дискурс» синонимдік мәнде, мысалы, ағылшында «дискурс» термині «мәтін лингвистикасы» дегеннің баламасы ретінде жұмсалса, кейбір еңбектерде олардың айырмашылығын айырып қолдану үрдісі байқалады. Алдымен «мәтін» және «дискурс» терминдерінің бір-бірінен өзгешелігін айқындау керек.

«Мәтін» мен «дискурс» ұғымдары ғылыми тәжірибеде әлі де нақты ара жігі ажыратылмаған ұғымдар. Көп жағдайда бірінің орнына бірі қолданылатын синоним сөздер ретінде қаралады. Алайда, кейінгі жаңа зерттеулерге бұл үрдіс тән емес.

Дискурс термині тіл білімі сөздігінде жазылған дерек бойынша, ХХ ғ. 70 жылдарының басында ғана кең қолданыла бастаған. Көбінде батыс тіл білімі мектептерінен көрініс алады. Бұл терминнің қолданысы зерттеушінің сөйлейтін тіліне байланысты. «Дискурс» француз және ағылшын тілдерінде, «мәтін» (текст) неміс және басқа тілдерде қолданылады.

Дискурс ауызша түрде жүретін сөйлеу үдерісі. Дискурстың негізгі бірліктері сөйлесу акті мен сөйлемелік болып табылады.

Дискурс пен мәтін ұғымдарына қатысты пікірлер Т.М. Николаева, И.Р.Галперин, В.Г.Миронова, Ю.С.Степанов, В.З.Демянков және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі.

Тілдік қатынасты лингвистикалық теориясына байланысты сөз етер болсақ, тілдік қатынастың басты бірліктері сөйлем мен мәтінге қарама-қарсы тұратын сөйлеу мен дискурс, яғни бұлар тілдік қатынастың бірліктері, ал сөйлем мен мәтін тіл грамматикасының бірліктері. Мәтін күрделі синтаксистік тұтастық ретінде қарастырылса, дискурс бірнеше сөйлемеліктер жиынтығы болып есептеледі. Дискурсты мәтін түріндегі сөйлеу бірлігі деп айтуға болады.

Дискурс сөйлесімдік құбылыс болып табылады. Дискурсқа динамика тән болып келеді. Дискурс – бір немесе одан да көп сөйлемнен немесе сөйлемнің тәуелсіз бөлігінен тұратын мәтіннің дербес бөлігі, көбінесе іс-әрекетті, уақытты, жағдайды, әрекет барысындағы адамдарды бейнелейтін жалпы контексті құрайды, бұл тілдің қызметінің динамикалық барысы, бұл әлеуметтік контекстке, сондай-ақ, осы коммуникативтік қызметінің нәтижесі болып табылады (мәтін).

Біздің күнделікті өмірімізде, сөйлесу, пікір алысу, қарым-қатынас жасау үлкен орын алады. Диалог (ауызекі сөйлеу дискурсы) – бұл коммуникативтік қызметтің нақты бірлігі. Диалогтағы тіл үйренушілердің өзара іс-әрекеттері диалогтағы тақырып бойынша сөйлесуде көрінеді, оның

даму бағыты – сөйлесу кезіндегі ауызша әңгімелесу үдерісінің барлық түрінің өзгешеліктерін анықтайды, ондағы тақырып бойынша сөйлеуші аталған сөйлеуді келесі дискурспен байланыстырады.

Диалогтық сөйлеу өзінің түрі, өзгешелігі бойынша, басқа сөйлеудің түріне қарағанда жеңіл. Диалогтық сөйлеудің маңыздылығы, бағалылығы оның жалпы қарапайым құрылымы – дискурспен байланыстылығы. Одан басқа, диалогтық сөйлесу көп дәрежеде ситуациялы болып келеді. Ол сөйлем, сөйлесу өтіп жатқан ситуациямен байланысты болады.

Дискурс тақырыбын қарастыра отырып, біз оның мазмұнды жағы деп білеміз. Мұнда коммуниканттардың жекеленген жағдайда, коммуникацияның ұйымдастыру аспектілерін есепке алу керек, диалог барысындағы әңгімелесушілердің әрқайсысы өзінің тақырыпқа деген көзқарасы және жеке тақырыбы болуы мүмкін. Табиғи ауызекі сөйлеу – сөйлеу дискурсы алғашқы сапасында әрбір қатысушының тақырыбын бөліп көрсетеді. Осындай тақырыптар пікір алысу үшін әріптестердің біреуінің оның әңгімелесуші әріптесіне ұсынатын бастамасының нәтижесі болып табылады. Ұсынылған тақырып дискурстың жан- жақты тақырыбымен және алдыңғы сөйлеушінің оқшауланған тақырыбына әртүрлі қатысты болуы мүмкін.

Коммуникативтік лингвистика коммуникация үрдісін дискурспен байланыстырады.

Коммуникация – бұл әлеуметтік белсенділік, екі немесе одан да көп адамдардың әрекетін талап етеді. Егер екі немесе көп адамдар өзінің күшін бағыттау керек болса, қарым-қатынасқа түсу үшін, онда бұл үшін қалауы болуы керек және сай келетін дағдысы болуы керек.

Егер коммуникацияның алдыңғы қатысушысының сөйлеуінің қандай да бір элементі келесі қатысушының сөйлеуінің оқшауланған тақырыбы сапасында сөйленетін болса, онда дискурстың дамуы жақсы деңгейде болады. Осы қағида бойынша жеткілікті түрдегі еркін жан-жақты тақырыбы бар көптеген диалогтар құрылады. Онда оқшауланған тақырыптар бірінен соң бірі пайда болады (немесе біреуі басқасынан шығады). Дискурстың бүтіндігі немесе мақсаттылығы прагматикалық тұрғыдан қамтамасыз етілген болып келеді. Басқа да нұсқалары болуы мүмкін. Сонымен, ауызекі сөйлеу дискурсының көп көлемді болуы – бұл күрделі жағдай. Қанша дегенмен, тақырып бірінші кезекте сөйлеушіге жатады, одан кейін дискурста, реплика кезінде жаңа тақырыптың қыстырылуы таратылған құбылыс болып табылады. Тақырыптарды таңдау,

сондай-ақ одан бас тарту сөйлеушінің тілегіне байланысты. Сонымен, коммуникация бойынша бір әріптес лидерлікті басқадан алады. Ары қарай операция қайталанады, ал лидерлік коммуникацияның бірінші қатысушысына қайтарылады. Сонымен, әріптес сөйлеу жәрдемін қолдана отырып, өзінің тақырыпқа деген қатынасын (оның мағыналылығы немесе мағыналық емес) көрсете алады.

Диалог пайда болады, оны құруда бірнеше субъекттер қатысады, олардың коммуникативтік мүдде-ниеттері (интенциялары) күрделі өзара іс қимыл жасау үстінде болады. Сонымен, ауызекі сөйлеудің, оған қатысушылардың мінез-құлқымен, қасиетімен байланысқан мәтінін құруда түрлі дискурсивтік стратегия қатысатынын айтуға болады. Бұл – сөйлеу компоненттерінің сатылы қойылған және фрагменттерге бөлінген, басқаша ұйымдастырылған ауызекі сөйлеудің мәтіні болып келеді. Сондықтан, диалогтық (ауыз-екі сөйлеу дискурсы) сөйлеуді мәтін ретінде деп бағалауға бола ма деген сұрақ туады. Аталған ұғым туралы түрлі айтылғанына қарамай, онда жалпы болып, мәтін – бұл сөйлеу қызметінің мақсатты көздейтін өнімі болып табылады. Ол сөйлесудің нақты мақсатына тәуелділігінің нәтижесі, ал сөйлеудің мақсатын және коммуникативтік мүдде – ниетін түсіну – ауызекі сөйлеу дискурсы үшін маңызды. Мұнда мақсатты жүзеге асыру үшін құралдарды таңдау жолы және сөз туылу кезінде бағдарламалану қажет. Дегенмен коммуникативтік мақсаттар бірдей емес, сондықтан сөйлеудің әртүрлілігі мақсатты болжау жоспарында түрліше бағытталуы мүмкін.

Ауызекі сөйлеуде психологиялық мақсатқа жетуде іс-тәжірибе мен дағды шектелмейді және ауыстырылмайды деген болжам бар. Ауызекі сөйлеу мақсатты болжау аспектісінде мынадай түрлерге бөлінеді: а) сөйлеушінің ниеті психологиясының эмоционалды еркін болуы және ә) әлеуметтік іс-тәжірибелі басым идеялы ниет. Көрсетілген мақсаттар тіркеседі, мұнда психологиялық мақсат негізгі болып табылады. Парасатты ниет кодтың әдеби тілдің қағидалы мәтініне тән, диалогтық сөйлеуге тән емес. Белгіленген ерекшелік мәтінді тақырыптық сөйлеу ерекшеліктерінде көрінеді. Сонымен, интеллектуалды басым идея мәтіннің тақырыптық бірлігін анықтайды, ол психологиялық (коммуникативтік эмоционалды басым идея) оны міндетті емес етіп жасайды. Бір тақырыптан басқаға ауысу өте жеңіл.

Диалогтық дискурстағы жан-жақты және әртүрлі тақырыптарды бөліп көрсету үшін қазір түрлі ұғымдарды қолданады, солардың ішінен диалогтық

бірлікті көрсетуге болады. Диалогтық бірлік бір немесе бірнеше кіші диалогтық бірліктерден тұруы мүмкін.

Диалогтық бірлік құру үшін кез келген диалогтық репликалардың жиынтығы бірнеше критерийлерге, белгілерге жауап беру керек:

1. Барлық репликалар онда бірыңғай тақырыптармен байланысқан;

2. Ол еркін түрде басталуы және сөйлеу актілеріне тәуелді болып келеді.

Бұдан басқа, диалогтық бірлік пен оның шегарасы лексикалық шегаралық белгілермен бөлінеді, яғни олардың шегарасы мен көлемін анықтауға қатынасты болады. Олардың арасынан диалогтық бірліктің басынан аяғына дейін белгілерді көрсетуге болады (бағалау, сөз этикеті, қаратпа сөз және т.б.). Осылай қарастыруда диалогтық үлкен тақырыптық үзінділерді бөліп көрсетуге болады, мәліметтерге негізделетін дискурстық семантикадағы қарастырылып отырған теориялық конструкт коммуникациялық қатысушылардың өзара іс-қимылдарын бейнелейді. Диалогтық бірлік бұл репликалардың жиынтығы, екі сөйлеушінің репликаларына жоғарыда көрсетілген талаптар сай келуі керек.

Диалогтық сөйлесу барысында сөйлеу мәтіннің мағынасы, коммуникативтік сөйлеу актісіне қатысушылардың мүдденіеттері (интенция), сөйлеудің себептері, мақсаттарының арақатынасы көрініп отырады. Сондай-ақ, сөйлеу әлеуметтік әрекет ретінде пайда болып қалыптасады. Себеп пен мақсат жоқ жерде коммуникация да жоқ. Коммуникациядан тыс сөйлеу іс-әрекет болудан қалады, ал коммуникация мүлдем болмайды.

Коммуникация дегеніміз – тіл үйренушілердің тілді пайдалануы немесе әңгімелесушілер арасындағы өзара әрекеті, сондай-ақ, әңгімелесушілердің әрқайсысының бастамасы және реакциясы. Коммуникация тұрғысынан диалог бастаушы өзінің әріптесінен өзара түсінікті, бірлікті орнату мақсатымен өзіндегі ойларға ұқсас білімді, сезімді оятуға үміттенеді. Коммуникацияда тіл басты компонент те, басқа құралдар (ым, мимика, т.б) көмекші рөл атқарады.

Диалог – екі немесе бірнеше адам арасындағы сөйлесудің алмасуынан тұратын қатысым үдерісі. Қатысымның басты ерекшелігі оның жоспарланбауы, стандартты еместігі, ықтимал сипатта болуы.

Сөйлеуші сөйлеу жағдаятына қарай тіл құралдарын таңдап алып, мақсатты түрде қолданады. Сөйлеушілер арқылы тіл бірліктері өзара үйлесім-

ге түседі.

Адамның қарым-қатынасын алдын ала модельдеуге болмайды, оның түрін сөйлесуге қажетті алғышарттар анықтап тұрады. Диалог әртүрлі мақсаттың үйлесуі арқылы қалыптасады, ал мақсатты анықтайтын – тыңдаушының реакциясы. Диалогты қалыптастырып, дамытатын сөйлеушілер мақсатының үйлесімі. Диалогты қалыптастырушы сөйлеу мақсаттарының өзара үйлесуі, ықпалдасуы сөйлемдер арасындағы семантикалық байланысы, синтаксистік құрылымын да анықтайды.

Диалогтық сөйлесімдер мазмұны жағынан өзара байланыста болады. Диалог арқылы берілетін хабар семантикалық белгіні, ал оны анықтауға прагматикалық фактор қатысады. Прагматикалық фактор сөйлесімдердің тақырыпқа қарай сөйлесімдердің коммуникативті мақсатын анықтайды.

Диалог әр адамның ұтымды ой өрісі мен байыпты әрі шапшаң тіл қатынасының көрінісі. Әңгімелесуші сөзінің ұшқыр болуы оның сөздік қорына тәуелді болып келеді. Диалог қарым-қатынастың ең басты түрі болғандықтан, оның атқаратын қызметі де өзгеше. Өйткені, ол сөйлесу дағдысының, жауаптасудың, сонымен бірге сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы сөз қатынасы қандай дәрежеде өткенін көрсететін тіл қатынасының ерекше түрі.

Диалог шынайы қарым-қатынас жағдайын туғызады, қарым-қатынас жасаушы адамдардың негізгі назары әңгіменің мазмұнында ғана болады, сонымен қатар, тілді жан-жақты әлеуметтік қолдануда маңызды рөл атқарады. Диалог барысында әңгімелесушілердің бойында әңгімені бастау, қолдау, керек жерінде әңгімелесуші адамды бөліп жіберу немесе оның пікірімен келісу, я болмаса жалғандығын әшкерелеу, бар назарын қоя отырып тыңдау, анықтайтын сұрақтар қоя білу.

Диалогқа бейім болу үшін тіл үйренушілер мынадай шарттарды орындағандары дұрыс; тіл үйренуші коммуникативтік мақсатқа сай келетін тақырып бойынша дискурс құрып, оны түсініп қабылдауы қажет. Осыған сәйкес сабақта өзара диалог арқылы сөйлесу барысында ең алдымен өзінің коммуникативтік мақсатын, не үшін сөйлейтінін анықтау негізінде дискурстың тақырыбы мен түрін таңдайды. Және ресми әлде бейресми жағдайда, кіммен тілдесетініне байланысты мәтіннің мазмұнын анықтайды. Енді оның тыңдаушысы диалог құрайтын жалпы ситуацияны түсініп, диалог құруға бейім болу керек. Демек, осы жағдайда ғана диалогта айтылып жатқан ой түсінікті екені белгілі бо-

лады және жауап берілу реакциясы жасалынады.

Ойымызды қорыта келгенде, тіл үйренушілер коммуникативтік мақсатқа байланысты, сөйлеу жағдаятына сай тақырып бойынша дискурс құрып, оны түсініп, қабылдау қажет. Диалог барысында дискурсты ұйымдастыру, ситуацияларды анықтап, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралдары анықталды, ресми не бейресми түрдегі диалог әрекетін ұйымдастырудың жолдары туралы сөз болды.